



**ТАРИФТЕР
НЕГЕ ӨСЕДІ?**

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



**Өңірлік газеттердің
өрісі кеңейе ме?**

5-БЕТ | ҚОҒАМ



**Көңіл көтеру үшін
көреміз бе?**

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Алдағы сайлауда партиялардың бәріне бірдей мүмкіндік беріледі. Әкімдер қандай да бір саяси ұйымға жетекшілік ете алмайды. Ата заңға енгізілген өзгеріске сәйкес, Президент барлық саяси күштен тысқары тұруға тиіс. Мәжіліс пен мәслихат сайлауы жаңа әрі әділ ереже бойынша өтеді.

№11
(4444)
Сенбі
28 қаңтар
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y


1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Елімізде барлық қызмет түрін бір жерден беретін жүйе іске қосылады. Бұл жөнінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мәлім етті.

«Халыққа қызмет көрсету орталықтарының мемлекеттік қызмет көрсетуінің клиенттік тәжірибесі негізінде біз тұрғындардың ХҚО-дан қызмет алған соң БЖЗҚ, коммуналдық кәсіпорындар, әкімдік сияқты басқа да инстанциялардың табалдырығын тоздыратынын түсіндік. Сондықтан азаматтардың барлық мәселесі бір жерде шешілуі үшін осы ұйымдардың барлығын бір ғимаратқа шоғырландырамыз» деді Б.Мусин министрліктің кеңейтілген алқа отырысында.


Қазіргі уақытта министрлік Астана қаласы әкімдігімен және Президент Әкімшілігі басшылығымен азаматтарға жайлы әрі сапалы қызмет көрсету үшін біртұтас кеңістік, яғни «суперЦОН» ашуға уағдаластық жүргізіп жатыр.



ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖЕҢІЛДЕЙДІ

МЕШІТТЕ – БАЛАЛАР АЛАҢЫ

Астана қаласындағы бас мешітте арнайы жабдықталған балалар алаңы ашылды.



Ойын алаңы мешітке үлкендермен еріп келетін кішкентай балаларды уақытша ойната тұруға арналған. Мұндағы ойын

құрылғылары, түрлі ойыншықтар балаларды қызықтырмай қоймайтыны анық. «Балаларымыздың білім алуына барлық мүмкіндік

бар. Мешіттеріміз, ағартушы имам-ұстаздарымыз бала бойында, заманауи біліммен бірге, рухани ілімді де қалыптастыру үшін қызмет жасауда. Соның бір айғағы деп бас мешітімізде ашылған «Дін мен дәстүр» орталығын, балалардың ойын алаңын айтуға болады. Балалық шақтан бастап мешіт тәрбиесін алған баланың иманды, еліне жанашыр азамат болатыны айқын. Сондықтан баршаңызды балалардың рухани тәрбиесіне көңіл бөлуге шақырамыз» деді бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы балалар алаңының ашылу рәсімінде.

АСТАНАЛЫҚ БОКСШЫ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Таиланд астанасында аяқталған Азия чемпионатында астаналық Санжар Тәшкенбай чемпион атанды. Бангкок шаршы алаңында 22 жасқа дейінгі жастар арасындағы құрлық біріншілігі өтті. Ерлер арасында 48 келі салмақта ел намысын қорғаған астаналық Санжар Тәшкенбай финалдық жекпе-жекте өзбек боксшысын ұтып, алтын медаль алды. Сонымен қатар Нұрсұлтан Алтынбек (54 келі) пен Махмұд Сабырхан да (57 келі) жеңімпаз атанды. Ал қыздар бәсекесінде Жасмин Қизатова мен Гүлсая Ержан жеңіске жетті. Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы екінші орыннан (5 алтын, 3 күміс, 12 қола) көрінді. Бірінші орынға Өзбекстан құрамасы (14-4-3), үшінші орынға Таиланд құрамасы (3-4-2) ие болды.





АСТАНА ӘКІМІ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Президентке қаланың 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші және осы жылға арналған жоспары туралы баяндалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елорда әкімдігі әлеуметтік нысандар салуға, елді мекендерді дамытуға, ұзаққа созылған құрылыстарды аяқтауға, жеке инвестициялар тартуға, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр.

Жеңіс Қасымбек «Жайлы мектеп» жобасының іске асырылуы туралы есеп берді. Ұлттық жоба аясында жаңа

форматтағы 100 мың орындық 25 мектептің жобасы жасалып жатыр. Мектептердің құрылысы биыл басталады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына ауызсу стансасы (3-ССС), жылу электр орталықтары, газ жылу стансалары құрылыстарының барысы туралы мәлімет берілді. Мысалы, 3-сорғы-сүзгі стансасының қуаты тәулігіне 100 мың текше метрден астам суды тазалап, жеткізуге жетеді. «Туран» газ

жылу стансасы 8 миллион шаршы метр тұрғын үйді жылытуға қауқарлы. Тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ететін нысандардың құрылысын 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту, қаланы абаттандыру және көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

БҰҒАТТАЛМАЙТЫН САЙТТАРДЫҢ ТІЗІМІ ЖАСАЛАДЫ

Елімізде интернет-ресурстардың «ақ парағы» енгізіледі. Бұл туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин мәлімдеді. Министрдің айтуынша, Қаңтар оқиғасы төтенше жағдай кезінде барлық байланыс желісін тоқтатпауға тиіс екенін көрсеткен.



«Мемлекеттік және жеке ұйымдар, банктер, электронды үкімет сияқты бірқатар маңызды нысан кез келген уақытта үздіксіз қызмет көрсетуі керек. Сондықтан біз «ақ парақ» деп аталатын нормативтік құқықтық актіні қалыптастырып жатырмыз. Онда төтенше жағдай кезінде де қолжетімді интернет-ресурстардың тізімі болады. Мұндай құжаттық біз мемлекеттік техникалық қызмет арқылы псықытаймыз» деді Бағдат Мусин.

ҚОРҚЫНЫШТЫ ОЙЫНШЫҚТАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНА МА?

Еуразиялық одақ елдері балалардың психикалық дамуына жағымсыз әсер етуі ықтимал ойыншықтарға қойылатын талаптарды әзірлемекші. ҚР Үкіметінің мәліметінше, «психологиялық-педагогикалық қауіпсіздік» талаптарын енгізу ұсынысы қазіргі нарықта қорқынышты, күш көрсету белгілері бар, гибриді және т. б. ойыншықтардың жиі кездесуімен байланысты жасалып отыр.

Кейбір психологтардың пікірінше, мұндай «қорқынышты» ойыншықтар зорлық-зомбылық пен агрессиямен байланысты ойын сюжетін тудырады.

Ойыншықтарға арналған қолданыстағы техникалық регламентте тек материалдарға, токсикологиялық-гигиеналық және микробиологиялық көрсеткіштерге, физикалық және механикалық, химиялық және электрлік қасиеттерге, радиациялық қауіпсіздікке қойылатын талаптар ғана белгіленген. Осылайша, нарықтан «қорқынышты» ойыншықтарды алып тастау мүмкін емес.

ЕЭК кеңесінде айтылған қазақстандық тараптың пікірінше, бұл мәселені қарастыру үшін ойыншықтың балаға кері әсерін анықтайтын өлшемдерді белгілейтін стандарттар қажет.

«Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қалыптастырудың маңыздылығы күмән тудырмайды. Қазақстан 2015 жылы ойыншықтарға психологиялық-педагогикалық сараптама жүргізу үшін техникалық регламентке өзгерістер енгізуге бастамашы болды. Ол кезде мұндай ойыншықтардың баланың психикасына жағымсыз әсер ету критерийлерін айқындау

стандартының болмауына, ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігіне байланысты құжат қолдау таппады» деді ЕЭК кеңесінде Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Айжан Есмағамбетова.

Оның айтуынша, бүгінде нарықта әртүрлі ойыншық бар. Сондықтан ойыншықтардың баланың психикасына кері әсер ету критерийлерін айқындау стандартын әзірлеу және Еуразиялық Одақ елдері деңгейінде тиісті тәртіпте пысықтау үшін қолданыстағы техникалық регламенттерді өзгерту жөнінде ұсыныстар енгізу ұсынылып отыр.

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Президентке заң үстемдігін қамтамасыз етуге және сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған сот реформасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Жоғарғы Сот төрағасы реформа жөніндегі ұсыныстардың шұғыл шаралар, заңнамалық бастамалар және ұзақмерзімді міндеттер секілді үш топқа бөлінетінін атап өтті. Шұғыл шаралар аясында міндетті түрде офлайн өткізілуге тиіс процестер үшін сот залдарын ашу, сондай-ақ анағұрлым шетін салалар бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын жаңарту мәселелері жоспарланған.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, істі сотқа дейінгі қарау сатысына тиімді сот бақылауын енгізу, мемлекеттік

сатып алу, салық салу және жеке сот орындаушыларының қызметі салаларында әкімшілік істердің қаралу мерзімін қысқарту мәселелері заңнамалық бастамаларға жатады.

Ұзақмерзімді жұмыс тәртібінде кешенді заңнамалық және ұйымдастыру шараларын әзірлеу қарастырылған. Қазіргі уақытта Парламент қарауында екі заң жобасы жатыр. Олар сот төрағаларын сайлау арқылы таңдау тәртібін енгізуге, күштік құрылымдардың судьяларға қысым жасау жолдарын жою-

ға, Жоғарғы Сот кеңесінің құзыретін күшейтуге және ювеналды соттардың қарауына жататын істердің аясын кеңейтуге бағытталған. Бұдан бөлек, қымыстық процесте тараптардың жарыспалылығы қағидатын қамтамасыз етуге және заңды өрескел бұзғаны үшін судьяларды жауапкершілікке тарту механизмдеріне қатысты ұсыныстар әзірленіп жатыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы сот жүйесін одан әрі жетілдіру шараларын сапалы жүзеге асыру қажет екеніне назар аударды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ДӘРІС ТЫҢДАДЫ

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті өткізген жиынға жас мемлекеттік қызметшілер мектебінің 40-тан астам тыңдаушысы қатысты.

Сапар аясында мектеп тыңдаушылары, Астана қаласындағы жоғары оқу орындарының студенттері

Академияның миссиясы мен құндылықтары, іске асырылып жатқан жобалар мен даму перспективалары туралы

арттыру, тренингтердің бағыты және шақырылатын сарапшылар жайында айтып өтті.

Білім алушылар мен түлек-



Мемлекеттік басқару академиясының мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі қызметімен танысты. Коворкинг және ақпарат-ресурс орталықтары, академия мұражайы мектеп тыңдаушыларының үлкен қызығушылығын тудырды.

Еліміздегі жобалық басқаруды дамытудың перспективалары мен бағыты туралы жиналғандарға жобалық менеджментті дамыту орталығының басшысы Жанар Айтжанова әңгімелеп берді.

айтып, тыңдаушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап берген академия ректоры Әбіл Қуанышұлы жас мемлекеттік қызметші мектебінің тыңдаушыларымен мотивациялық әңгіме өткізді.

Академиялық қызмет жөніндегі ректордың орынбасары Маргарита Қадырова мектеп тыңдаушыларымен кездесу барысында академияда қайта даярлау курсынан өтіп жатқан мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыретін арттыру үшін қолданыстағы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін

терді қабылдау және қолдау секторының меңгерушісі Әсет Әбжақов басқару және дипломатия институттарының, ұлттық мемлекеттік саясат мектебінің қызметі, магистратураның білім беру бағдарламалары, академияның стратегиялық серіктестері, қос дипломды бағдарламалар және академияға қабылдау рәсімі туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Тыңдаушылар спикерлерге көптеген сұрақ қойып, оларға толық жауап алды және академияға оқуға түсуге үлкен қызығушылық білдірді.

БАТЫР БЮСТІНІҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмырзаевтың төрағалық етуімен тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі қалалық комиссияның отырысы өтті. Жиында қызмет барысында қаза тапқан өрт сөндіруші Асқар Забикулин бюстінің жобалары қаралды.

– Өрт сөндіруші мамандығы – әлемдегі ең қауіпті мамандықтың бірі. Олар өз өміріне төнген қатерге қарамай, өзге адамдарды құтқарады. Мәсе-

лен, Асқар Забикулин – астаналықтардың жадында ерлік пен жанқиярлықтың үлгісі болып қалатын тұлға, – деді әкім орынбасары.

Комиссия оның бюстінің түрлі нұсқасын қарады. Үздік деп танылған үш жоба Мәдениет және спорт министрлігіне шешім қабылдау үшін жіберіледі.



КІТАП КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Ерлан Қазанқапovтың жеке қайырымдылық қоры және Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №12 көпшілік кітапхана «Kemel Club» кітап клубын құрды.

«Kemel Club» кітап клубы жай қауым ғана емес, ол танымдық және ойын-сауықтық демалыс болып саналады. Клубта бірлескен кітап оқулары мен оларды талқылау, түрлі тақырыптардағы пікірсайыстар, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулар мен поэзия күні, басқа да шаралар өткізіледі. Бұған қоса, балалар мен ата-аналар клуб мүшелері бола алады.

Әзірге клубқа тоғыз оқырман ғана кіруге ниет танытты. Оқырман саны артқанда алда талқыланатын кітап пен авторлар таңдалады.

Клуб қызметі, оның өткізіп жатқан шаралары туралы барлық ақпарат кітапхана парақшаларында және телеграм-каналда орналастырылатын болады. Сілтеме talking @kitap_qala_astana профиль басында бар.

Клубқа қосылу үшін телеграм каналының тобына тіркелу қажет.

«КӘУСАРДАҒЫ» КҮЙ КЕШІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Кәусар» мәдени танымдық бірлестігінің ұйымдастыруымен білім ошағында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрінің «Қазағымның күйлері-ай» концерті өтті.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Кеш үйлестірушісі, жүргізушісі, аталмыш бірлестік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай – осы оркестрді құрған адамның бірі. Ол 1997 жылы Ақмола облыстық филармонияның директоры-көркемдік жетекшісі болып тағайындалып, оркестрді құруға кірісті. Өрелі өнерпаз сол тарихты еске алып, Алматы, Көкшетау, Ақтөбе, Ақтау сияқты қалалар мен Ақмоланың өзінен өнерпаздар шақырылып, 60 адамдық оркестр жасақталғанын айтты.

Соны естіп, атақты дирижер, КСРО мен Қазақ КСР халық әртісі Шамғон Қажығалиев

бас дирижер болуға ниет танытып, филармония басшысына хат жазды. Алайда сол уақытта астанаға айналып жатқан Ақмолаға Алматыдан мемлекеттік органдар көшіріліп жатқандықтан, баспана мәселесі туындады. Сондықтан Шамғон Сағаддинұлын алдыру мүмкін болмады. Дирижерлік Айтқали Жайымовқа ұсынылды. Бірақ сол кезде Құрманғазы оркестріне жетекшілік еткен ол осы ұжыммен Алматыны қимады, астаналық филармонияның қазақ оркестріне тек 2008 жылы келіп, күні бүгінге дейін аталмыш оркестрді басқарып отыр. Сонымен не керек, Павлодардан Мырзағали Айдаболов шақырылды. Бұл кісі келіп, оркестрмен жұмысты бастады. 1998 жылдың 7 сәуірінде «Жастар» сарайында оркестрдің тұсауы кесілді. Міне, соған биыл ширек ғасыр толмақ.

Кешегі алпыс адамдық оркестрдің құрамында бүгіндері 100-ге тарта музыкант бар. Еуразия университетінде өткен концертте сахнаның мүмкіндігіне қарай 50 өнерпаз қатысты. – Сыдық Мұхамеджанов деген композитор, халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері ұмытылып бара жатыр. 90 жылдығында Ирак Елекеев екеуіміз «Хабар» телеарнасында еске алып, ұмытылып бара жатқанын айтып, «Айсылу» атты алғашқы комедианы жазды. Абайдың сөзіне жазған «Өзгеге көңілім тоярсың», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» шоқтығы биік романстар саналады, – деген

Кенжеғали Мыржықбай кешті ашқан Сыдық Мұхамеджановтың «Шаттық Отаны» атты шығармасының тарихына тоқталды. Бұл туынды осыдан тура 70 жыл бұрын жазылып, Құрманғазы оркестрінің орындауында халыққа жол тартты. Күйші-композитор, дирижер, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов қазақ оркестріне кеш бойы дирижерлік етіп, өнер ұжымы орындауында «Шаттық Отанынан» бөлек күй атасы – Құрманғазының күйлері, Кенжебек Күмісбеков, Нұрғиса Тілендиев, Әбдімомун Желдібаев, Айтқали Жайымов сынды музыка мейталмандарының шығармалары шалқыды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі күйші Анар Мұздаханова Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арнап шығарған «Ұлт ұстазына

Саха Республикасының (Якутия) басшысы Айсен Николаев Астанаға сапары барысында елорданың символына айналған «Бәйтерек» монументіне барды. Қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Санат Шапашов мәртебелі мейманға естелік сыйлықтарды, соның ішінде Астана туралы кітапты тапсырды.

ЕЛОРДАНЫҢ СИМВОЛЫН АРАЛАДЫ

Жалпы Қазақстан мен Якутияның әдеби-мәдени байланысы жақсы дамыған. Саха елінде өтіп тұратын «Үлкен қардың игілігі» атты халықаралық поэзия фестиваліне қазақ ақындары тұрақты қатысып тұрады. Атап айтқанда, аталмыш фестивальге әр жылдары Тұрсынай Оразбаева, Танагөз Толқынқызы, Саят Қамшыгер, Құралай Омар, Дәулеткерей Кәпұлы қатысты.

Ал өткен жылы Астанадағы «Фолиант» баспасынан қазақ тілінде «Саха поэзиясының антологиясы» кітабы мен Саха жазушысы Николай Луиновтың «Шыңғыс хан



әмірімен» романы жарық көріп, таныстырылымы өтті. Антология Қазақстан Жазушылар одағы мен Якутия Жазушылар одағының ынтымақтастығы аясында шықты. Оған енген өлеңдерді бір топ қазақ ақындары аударды. Ал

романды белгілі жазушы, драматург, аудармашы Өтен Ахмет тәржімалады. Ал бірнеше жыл бұрын «Қазақфильм» мен «Сахафильмнің» бірлескен жобасы «Солтүстіктегі аңшылық» көркем фильмі түсірілді.

«ЖАЙДАРМАНЫҢ» ЖАҢА МАУСЫМЫ

Астана қаласында «Жайдарман» ойындарының «Әдемі маусым» атты жаңа маусымы басталды. Биылғы ойынға еліміздің барлық өңірінен 350-ден астам команда тіркелді.

Индира БЕРЖАНОВА

Жаңа маусымның бірден-бір ерекшелігі – жас командалармен қатар, тәжірибелі жайдарманшылар қатысуға өтініш берді. Ұйымдастырушылар «Жайдарманға» қызығушылықтың бұлайша артуын өткен маусымның сәтті әрі қызықты болғанымен байланыстырады. «Маусымашар – біз үшін қашанда үлкен фестиваль. Бүгінде «Жайдарман» еліміздің талантты жастарының басын қосатын теңдессіз алаңға айналды. Дарындыларды жинаған «Жайдарман» бұл көңіл көтеруге ғана бағытталмаған, ол – тұтас әлеуметтік жоба. Биыл «Жайдарманның» құрылғанына 20 жыл толмақ, сондықтан биылғы маусымның жобалары көрермен

көзайымына айналады деп сенемін» деді Қазақстан Көңілді тапқырлар клубы (КТК) одағының төрағасы Есен Елеуекен.

Жаңа маусымда республикалық лигалар үшін де алғашқы болып Bala Jaidarman жобасының іріктеуі өтеді. Жоғарғы лигамен қатар Астана лигасы, Алматы ашық лигасы, Nomad лигасы және Jaidarman Junior лигалары маусым барысында өз жалғасын табады. Бұдан бөлек, Jaidarman Creative Industry орталығы «SEN Creative» және «Dala Media Lab» серіктестерімен арнайы жобаларды жүзеге асырады. Былтыр аталған серіктестермен бірге «JaiBattle» жобасының тұсауы кесілсе, биыл «Soile StandUp», «SAZ» және Iqas интеллектуалды ойынымен толығады.



Есен Елеуекеннің сөзінше, орталық әрі қарай «Жайдарманның» өңірлердегі филиалының жұмысын жандандыруды жалғастырады. Еске салсақ, былтыр облыстарда жергілікті және республикалық дәрежеде бірнеше ойындар өткізілді. Маусымашарға арналған жиында Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров «Жайдарман» ойындарының жастар берері көп екенін алға тартты. – Жастарды тәрбиелеп қана қоймай, қоғамдағы

келелі мәселелерді астарлы әзілмен жеткізіп жүрген «Жайдарман» қанатын кең жайып келеді. Оның басты мақсаты – мемлекетшіл жастарды тәрбиелеп, оларға қолдау білдіру. Біз өз тарапымыздан биылғы маусымның сәтті өтуіне атсалысып, жастармен жүйелі түрде жұмыс істемекпіз, – деді ол.

Дәстүр бойынша «Жайдарманның» балалар, жасөспірімдер және жоғарғы лигаларына іріктеу апта бойы Астана қаласындағы «Жастар» сарайында жалғасады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №11

Баспахана: Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК INV» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлшат САПАРҚЫЗЫ